


**Дубек МҰСАНОВ**

**ЖҮРЕКТЕРІ  
ШУАҚТАР**





**Дубек МҰСАНОВ**

# **ЖҮРЕКТЕГІ ШУАҚТАР**

*Өлеңдер мен дастандар*



**ВАЯНЖУРЕК**  
  
ВАСПАСЫ

Алматы  
2007

ББК 84 Қаз 7-5  
М 85

**МҰСАНОВ Д.**

**М 85 Жүректегі шуақтар. Өлеңдер мен дастандар.** – Алматы:  
«Баянжүрек» баспасы, 2007. - 248 б.

**ISBN 978-601-7008-05-5**

Жыр жинағы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге автордың туған жер мен елге деген патриоттық сезімдерге толы туындылары топтастырылса, «Махаббат келеді өлі аңсауменен» атты екінші бөлім жастық шақ, сүйіспеншілік жайлы жырлардың басын құрайды. Үшінші бөлімде ақынның «Бөрібай батыр», «Күй туралы аңыз» дастандары беріліп отыр.

Жинақ авторының ойлы да жігерлі туындылары жырсүйер қауымның көңілінен шығар деген үміттеміз.

Кітап жалпы өнерсүйер қауымға арналған.

4702250202  
М —————  
00(05)–07

**ББК 84. Қаз 7-5**

**ISBN 978-601-7008-05-5**

©Мұсанов Д., 2007

©«Баянжүрек» баспасы, 2007

Осы кітаптың жарық көруіне қол ұшын берген үлкен азамат – Алматы облысының әкімі інім Серік Әбікенұлы Үмбетов мырзаға айтар алғысым ұшан теңіз.

*Автор*

## **АРНАУ**

Серік інім, тұлпар көңіл тұлғасын,  
Көкірегі тұнып тұрған жырға асыл.  
Ел сыйлаған, ер сыйлаған, Азамат,  
Көркей, көкте, Тәнір ием сыйласын!

Серік інім, азаматсың баталы,  
Кие тұтқан ана менен атаны.  
Жолыққайсың батасына Пайғамбар,  
«Баталы құл арымас» – жұрт мақалы.

Ер қадірін елі дағы біледі,  
Жақсыменен бірге болмақ тілегі.  
Ата ұлындей азаматтың бірісің,  
Биігінен төмендеме бір елі.

Менменшілдік тал бойына бітпеген,  
Іздерінен жүріп өткен құт көрем.  
Кеңпейілдік, сыпайылық өзіңе,  
Қонған шығар ата-анаңдан сұтпенен.

Елім гүлдеп, жерім гүлдеп өрлесін,  
Берсін Алла өлшемей-ак бергесін.  
Елу елдің қатарына жетеле,  
Өрле де өс, көңлің көктеп төрде шың.

Жетісуын, жер жаннатын түлеткен,  
Тауын, тасын топырағын гүл еткен,



Ілиястың, ақын Сара елінің  
Сәлемін ал, ел бақытын жыр еткен.


Көшің бастап, берік ұста тізгінді,  
Арман емес, бір күнгі де жүз күнгі.  
Қазағымның қасиетін танысын,  
Көрсетейік Жер-Әлемге ізгі үлгі.





## БІРІНШІ БӨЛІМ

### *Ауылды аңсаттырған Агайын сагынышы*



*Бұлагын булкілдемткен,  
Ақ шабак өуендері.  
Аруын үлпілдемткен  
Сал, сері тау елдері.*



## Жүрегім бар бұлбұлдың ұясындаі

Жүрегім бар бұлбұлдың ұясындаі,  
Көктемедей көкала гүлі ашылған,  
Махабbat бар майысқан мамырдағы,  
Қос ішектей үйлескен ұнасым бар:  
Тамшы болсаң көл больп тұнасындар,  
Бұлак болсаң, сол көлге құясындар,  
Құрақ болсаң: сыйрысyz сыр ашындар,  
Төбе болсаң, тау больп тұрасындар,  
Тауым болсаң, бабамнан мұрасындар  
Қыран қанат, мұз балак кия шындар!  
Қонысы бар қазақтың, өрісі бар,  
Бәрің, бәрің қеудеме сиясындар.

Қара қос бар ішімде:  
Тарылмаған,  
Ақан больп өн салған ару далам.  
Баян да бар, баянсыз ұлы өмірде  
Жалғыз гүлі жапанда жарылмаған.  
Қозы-Көрпеш,  
Қызы Жібек,  
Төлегендер –  
Қаны бірге туыссың бәрің маған.  
Бәрібайдай, Қабанбай, Бегенбайдай –  
Бабалардан дарыған дауыл маған,  
Мінезім – сол, бірде жаз, жауындаған.

Құлагердей даланың жүйрігі бар,  
Асан Қайғы айтпаған бір мұны бар,  
Қобызынан Қорқыттың бір күйі бар,  
Жеті өзенді бір көлге құйдырғандай  
Төле, Қазыбек, Әйтеке – бірлігі бар.

Аққу да жұр арманым арасында  
Ақын да жұр: аспанмен жарасуға  
«Ауызында жараның» нанасың ба?  
«Ақ күмістей қактаған кең мандайлыш»  
бір сұлудың «көзінің қарасында».  
Жеті әлемді жырыма сыйдырамын,  
Құйғытамын құландай күй бұлағын.  
Кең пейілін қазақтың саба толы  
Жолаушыға жол шеккен қүйдырамын  
Алтыбақан тепкізіп ай астында  
Жомарттайын Атымтай сый қыламын.

Кендігіне қазақтың куәсындей  
Жүрегім бар бұлбұлдың үясындей,  
Кел тойыма,  
Келіндер шақырусыз  
Бәрің, бәрің кеудеме сиясындар.





## Армысың, Баласазым



1

Баласаз – балауса жаз, нөсері бүршактаған,  
 Сәлделі имам таулар ішіне сыр сақтаған.  
 Бұлкілдеп бұлактары беткейде тыныстаған,  
 Таста ойнап секіреді тамшылар күміс табан.

Сен менің Баяндайын мәңгілік ғашығымсың ,  
 Үбырай «Гөккуіндей» – өлмейтін асыл үнсің.  
 Жанымның тербетілген теңіздей толқынысың,  
 Абайды ғашық еткен Тоғжанның шолпы үнісің.

Алатау бектерінде қара орман қарағайсың,  
 Жабыққан күндерімде  
     жалт еткен жанға арайсың.

Будақтап бура бұлттай тау кезіп жүзу де арман,  
 Ақ ауыз арманымсың, қаймағы бұзылмаған.

Мен сені сағынғанда, қиялға серік қылам,  
 Көзіммен көрмесем де, көніліммен көріп тұрам,  
 Балқыған қорғасындей егіліп, еріп, тұрам,  
 Көкейді күмбірлетіп, тұрады келіп бір ән.

Тогайды толғандырган ақ ерке бұлактарың  
 Жартасты жалт қаратып,  
     жанғыртқан құлактарын.

Тәттімбет күйлеріндей сағындым дала сазың,  
 Бесігі бебеулеген, армысың, Баласазым?!

2

Апыл-тапыл басқан жер,  
 Эліппені ашқан жер.  
 Жиырма бестің дүлділі  
 Дүбірлетіп басқан жер.  
 «Бет моншағын» төгілтіп,  
 Келін бетін ашқан жер

Абысындар аңқылдал,  
Анам шашу шашқан жер.  
Атам атап ақ жамбы,  
Той тойлатқан дастан жер.  
Баласазым, батагөй;  
Ақ батанды бастай бер.

\* \* \*

Ауылды сағындырған  
Құшағы-ай ағайынның!  
Берсе екен бакыт нұрдан,  
Жапса екен маңайын гүл.

Сымдарды сыңғыратқан,  
Қарлығаш ноталары.  
Ақ самал сырғып акқан,  
Салқынбел жоталары.

Көктемді күлімдепкен,  
Баласаз көк белдері.  
Тауларын дірілдепкен  
Тұлпардың төккен тері.

Шыңдарын сілкілеткен,  
Бұркітті найзалары,  
аспанын күркіреткен,  
көк нөсер найзағайы.

Таңғы шық тамшылары,  
Жапырақ тамшылатқан.  
Бұлақтан өн шығады,  
Арнасын аршып акқан.

Таулары ақ самайлы,  
Шежіре, жырау бәрі,  
Ақ бұлтын тастамайды,  
Келмestей шырайлары.



Бұлағын бұлқілдеткен,  
Ақ шабақ әуендері  
Аруын үлпілдеткен,  
Сал-сері тау елдері.

Әзілін жарыстырған,  
Жайдарман жас жігіттер.  
Сағынып алыс қырдан,  
Қолдасқан жақсы үмітпен.

Далада нұр аунаған,  
Алысқа барады ағып,  
Тырналар тыраулаған,  
Аспанға таға қағып.

Сөз таппай бір ыңғайлы,  
Құлазып тұрды ішім.  
Тәбемде шырылдайды,  
Бозторғай мұнды құсым...

Қия алмай өн сап тұрам,  
Көзімнен сағым ұшып.  
Ауылды ансаттырған,  
Ағайын сағынышы.

## Ақылшым менің Ақ Шындар

Карайсың төніп төбеден биік, Ақ Шындар!  
Толқын да толқын тулаған бұлттар – толқындар  
Кияннаторға қарсы, қындықтарға қарсы  
кеудесін тосқан бас бұрмай,  
ақ иық сынды ақпанда салған жұмыртқа  
ақынды баптап, батырды баққан бақсындар,  
Ақ самай, асқақ Ақ Шындар!

Аспандап тұрсың ақ қарлы, «Алтын шаңырак»<sup>1</sup>,  
Кеуденен көк бұлт маңырап,  
Қозыдай өрген жамырап.  
Ақ боран атып, дабылдап дауыл тынбаған.  
Сайлардан аққан ырғак ән,  
Тәттімбеттер жырлаған.


Мен өскем осы ақ найза шындар астында,  
Ақ мамық маған сағынып келсем, тас мұнда.  
Ақша бұлт – менің иыққа жабар жамылғым,  
Ақша бұлт – менің пердесі аппақ таңымның.  
Қаңтардың қары, ақпанның атқан бораны –  
Жағынбас жатқа, иілмес елге айнасы аппақ арымның.

Жамандықтарға, надандықтарға  
сынғанша тісім тістенгем,  
Табаным таймай, тарғыл тастарға тіреніп,  
тартысқам кеше үстеммен,  
өктемсінгендерді айдаһар аузыммен үш бөлгем.  
Тартыста талай  
таңдайдан таңғы ас қалды,  
Қуалап шықтым  
аш көзді қаңыбастарды.

Үскірік аяздардан жинағым жанартау жалының  
Баптаған солай Ақ Шындар асқақ өр ұлын,  
Адалдық алдында пәк туған асыл аруын.

<sup>1</sup> Алтын шаңырак – Алатаудың биік сілемі.

Алысқа шабам, Тайбурыл сынды талмаймын,  
Әніме қосам Ақсудың ғасырлап асқан адымын.  
Ізімде жатыр қуаныш... ескіден қалған кәрі мұң,  
ақ бораным келгенде,  
Талай беттің жыртып бергем әдібін.  
Өзімше өрдім өлеңдің  
Ілиястан қалған қалыбын.  
Өрісімді өрден іздең кезгемін,  
Таусылғанша аз демім,  
Жүре алмадым жолымен ұлы да болса өзгенің,  
Қолыңды жайшы, ақылшым менің, Ақ Шыңдар!



## Мен қазақпын

Мен қазақпын!  
Қанымда қазақтығым.  
Фасырлардан арманын қажапты мұн.  
Корқыт Бабам қоздатып қобызына,  
Қазағымның жырлапты азаттығын.

Мен қазақпын!  
Тілімде қазақтығым.  
Таңдайымды тұл білмей қажапты мың.  
Ту ұстатып Ләzzат, Қайраттарға,  
Желтоқсаннан іздедім азаттығым.

Мен қазақпын!  
Момын шал баласымын,  
Жылап тапқан көзінің қараашығын.  
Кірпігіне бір қазақ кір үйірсе,  
Үйірлеген үйқымды таң асырдым.

Мен қазақпын!  
Көлкіген көңілінмін.  
Түймесімін қадалған өнірінің  
Шежіренмін шертілген домбыранда,  
Жылаған да куанған өмірінмін.

Мен қазақпын!  
Ұлымын өз елімнің.  
Жетісүйң – жеті ырыс өзенінмін.  
Алыста да ғарышта тербетілген,  
Абай, Мұхтар үнінің өзегімін.

Мен қазақпын,  
Сырмак сап, малдастаған,  
Қанып алып қымызға, ән бастаған.  
Самаурынын сыңсытып сұлу келін  
Қонақ конса, қабағын қар баспаған.



Мен қазақтын,  
Сақ пен ғұн тектерімін.  
Жарқылымын диқаншы кетпенінің.  
Атилладан аңырап жеткен үнмін,  
Жаңғырығы кеудемде өткенінің.

Мен қазақтын,  
Иесі бар мұраның.  
Арманының іздеген сан бұрауын.  
«Ақтабанда», «аштықта» сан жыладым.  
Елім,  
Жерім,  
Байтағым – қазақтікі.  
Көк Байрағың!  
Бостандық – мәнгі Ұраның!



\* \* \*

Армандары ақ жалын  
Ақ мекені киелі,  
Жөргек етіп ат жалын,  
Қомында өскен түйенің,  
Аттила мен Бейбарыс  
Тұын ұстар ұлы едім,  
Жолын таптай жиі елім,  
Аузым күйіп жүр едім.  
Талай кезген қыр төрін,  
Аспандаған бұлты едім,  
Көкке найза тіреген  
Көк түріктің жұрты едім,  
Қашап жазған Күлтегін,  
Көк тасына көл қыльш,  
Көз жасымды бүркемін.

Айға білек білеген  
Қабанбайдың көзі едім.  
Досына жыр тілеген,  
Махамбеттің сөзі едім.  
Шың басына шықпаған,  
Батыр болдым үйдегі,  
Аяғымда мық табан,  
Қытайы етік кигенім.

Қаймақ емес, айран да,  
Майдан қалған тортамын.  
Отырам да қайрандал,  
Мен өзімнен қорқамын.

## Жайлау түні

Керіліп кербез кеште ай қабағы,  
Мамыр түн мәуесінен май тамады.  
Арудың тарқатылған бұрымындей,  
Сұлулық су бетінде шайқалады.

Сұлулық су бетінде шайқалады,  
Жігіттің секілденіп айтар өні.  
Жағада балбыраған бал қайыңың  
Ақ толқын қытықтайды май табанын.

Бұлбұлдан күй тамады күміс тандай,  
Орман шал тынып қалған тыныс та алмай.  
Боз емен бозаң түнде боп-боз болып,  
Буыны сықырлайды құрысқандай.

Көрініп ертегідей түнде тегі,  
бір келіп, ерке самал бір кетеді.  
Алдыңан аңқалаңдап ап шығады,  
Толтырып бектердегі гүлге етегін.

Ақ бұлақ мандай тері тамшылаған,  
арманның ақ тұлпарын қамшылаған,  
қыннан қасқалдақтай қарсы ағады,  
арнасын арындаған аршып алдан.

Қаратай шежіре айтса, кең жүйелі,  
Қымтап ап қыбырламай көл жиегін.  
Қызды айтса, қызықты айтса, қыздырмалап,  
Қасиды қышығандай жел де иегін.

Домбыра құрақта екен құлақ күйі,  
Ақанша тыңдалап көрсек, құлақ түріп,  
Балқиды бал құрақтай «Балқадиша»,  
Танитын кісі болса, бірак мұны.

Ай тұрды маңдайымды жылтықандай,  
кең әлем, кең дүине – үміт балдай,  
екенмін бар тірлікті ұмытқандай.  
Пенде боп пенде өмірге неге оралдым...  
сұлулық құшағында турып қалмай?!

### **Бессала**

Бессала белдеу – бес орам.  
Балалық өткен осы ара.  
Көңілді кірбен қір шалса,  
Ақ жауын жуған босағам.  
Сылқылдан күліп сайларда  
Бұлақтар ерке қосады ән.  
Сағыншың көрген бұлты да  
Жас алып көзге босаған.

Бұл жердің ғажап нұр таңы.  
Дап-дайын: күліп, бүрқауы.  
Басында таудың желіндеп.  
Мамалап тұрған бұлты, әне.  
Жауынды күні ән созып  
Бұлақтар көмей жыртады.  
Еру боп бір тұн тұнеген  
Әкемнің ескі жұрты, әне.

Жауыны-ай сол бір тұндегі.  
Найзағай найза түйреді.  
Тұнімен шауыш қос қасқыр,  
Бір қойға бірақ тимеді.  
Төрт жасар ұл ем үйдегі,  
Сала алмай жүрген түймені.  
Іні бар екен, ырымданп,  
Күшікке әкем тимеді.

Бір қырға аунап көштік біз,  
Қасқырға тимей өш қып біз.



Олар да қайтып келмеді,  
Сөйтіп бір түйін шештік біз.

P.S.

\* \* \*

Терісін жыртар көп жүрген,  
Айрылар наннан жеп жүрген,  
Рас-ау, атам айтқан сөз:  
«Бәрінен артық «ток» жүрген.  
Дұшпаннан аулак, тек жүрген».



## Биіктік пен қашықтық туралы

Аскар шындар Алатаудың төрінде,  
тауға шықсан, биікке шық, ерінбе.  
Шындарға шық ақ жауыны сөгілген,  
күтіп тұрған биігің бар сенің де.  
Кетердейсің бұлтты кешіп, көкке өрлең,  
бір ойында бір ойын кеп от бермек.

Күнді қолға қондырардай бол тұрсын,  
көкірегінді жанартаудай от кернеп.  
Қаршығаға қаз ілдірмес күйкентай,  
өкше ізінен далактайды бөктерлеп.

Қыран болып шарықтайсың, өрлейсің,  
тұра алмайды саған асу бермей шын.  
Қанатынан суылдайды ақ боран,  
ізің басқан күйкентайды көрмейсің.

Шарықтайсың жерді қашық қалдырып,  
биіктікten аласаға сан күліп.  
Құтылмайсың күйкентайдан сонда да  
бір күндері балак жұнінді алдырып.

Биіктейсің, аспандайсың, көктейсің,  
күнге сәл-сәл, айға сәл-сәл жетпейсің.  
Айды алыс, күнді қашық десек те,  
бірақ жерден алыс ұзап кетпейсің.

Жермен көктің көз жетпестей арасы,  
көкте тұрып, жер бетіне қараши.  
Екі арасы-биіктік пен қашықтық,  
Қайсы биік? Шамалас қой шамасы.

Көкке қарап, жұлдыз санап шоқтанам,  
Сұлұлығын жырлап өлең таппаған.  
Аспан алыс десек дағы, тым биік,  
жақсы досым, жерден биік жок маған.

23.10.2005 ж.



## Қазақтың домбырасы-ай!..



Қазақтың домбырасы-ай күмбірлеген,  
Самал болып төгілген күнде іргеден.  
Құс ұшып, құс қонады айдыныма,  
Далада күмбірлесе бұлбұл өлең.

Халқымның шежіресі-ай, қайран сері,  
Кім біліп, қадірінді кім білмеген.  
(Уніңнен айналайын күмбірлеген)  
баладай тәтті беріп, жүр-жүрлекен.

Барымды аямастан елге берем,  
бақытый, бар арманым сенде дегем.  
Қазақтың қара өлеңін азық қылыш,  
«Гәккүте» бір қанбасам, шөлдеп өлем.

Домбырам, күй сапырсаң көнілденем,  
Көнілде сыр қалмайды төгілмеген.  
Кек нөсер көбік атып, көл шайқаса,  
Кек теңіз көлкілдейді көгімде өлең.

Ойшыл күй терең ойға бастайды кеп,  
отырам мүсінделген тастай жүдеп.  
Ор киік омақаса орға құлап,  
барады бетті жуып жас, қайғы жеп.

Аламын көзімді ашып бір анықтап,  
Қос ішек қосарға алып бұғалықтап.  
«Кетсе, – деп, «Кісен ашып» Құрманғазы,  
Төріме симай бір сөт бұғам ықтап.

Асаудай астыңғы ішек ағылады,  
(Тасқын күй қазағымның сағынары)  
Үстіңгі бостау ішек қызыл иек  
былпылдаң қариядай жабығады.

Шөгеді көленкедей мұндана маң,  
Домбырам жабырқайсың мың наладан,



Барымды бақырайтып айтып берген,  
Артықсың білгірсіген мың «данадан».

Ақырын төгіледі күй даладан  
Қыстығып қызыл інір қинала ман,  
Қазаққа сен білгенді қимағаны-ай  
Етегін жетпіс жылда жинамаған!



Аян Айтжановтың  
60-қа толу құрметіне

Бірісің азаматтың үміт қуған,  
Көңілің ақ бұлақтай тұнып тұрған.  
Алпысың құтты болсын екі отыз,  
Оралсын жас дәурен боп ұмыт қылған.

Тамсантып Таушелектің бал бұлағы,  
Көлсайды көкке өрлетіп өн қылады.  
Ұрпак ең «Құлан аяқ» Құлманбеттен,  
Ақындық асқақ өннің мөңгі Бағы.

Әуен бар Хан Тәнірде тербетілген,  
Көргеннің көзін тартқан келбетімен.  
«Сатыдан» саңлақ көңіл самғап ұшып,  
Тәтті үміт бесігінде ер жетіп ең.

Ақ сөule Алатаудың басын шалған,  
Қырында киік ойнап асыр салған,  
Тау ұлы ең таудай арман арқалаған:  
Елге бақ, ырыс-дәulet шашылса алдан.

Ақсудың бауыры гүл ырғатылған,  
Баурайы Баласаздың жырға тұнған.  
Сыйлайды ел «Әкім» демей, «Аға», – десіп,  
Биік тұр сонынменен тума тұлған.

Дұлділін дүбірлеткен Ілиястың,  
Ақындық аспанында үні тасқын,  
Жерінде аға болдың, іні болдың,  
Туыстық құшағынды құліп аштың.

Алысқа болжай қадап жанар нұрын,  
Шырағын жақсы Үміттің жағар күнің.  
Қолдасын Райымбек батыр бабан,  
Бақ қонып, берсін өмсе амандығын.